

**"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1412

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 )                      1 - б а п т а :

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ұжымдық шарт - жазбаша нысанда, бір немесе бірнеше жұмыс беруші (олардың өкілдері) және қызметкерлердің бір немесе бірнеше өкілдерінің арасында жасасқан, әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттейтін нормативтік акт;"

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қызметкерлердің өкілдері - кәсіптік одақтардың органдары, олардың одақтары (ассоциациялары) мен олардың құрылтай құжаттарына, сенімхатына не жиналыста қабылдаған шешіміне сәйкес өкілдік уәкілетті басқа да қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ сенімхатпен не қызметкерлер жиналысында қабылданған шешіммен өкілдік уәкілетті өзге де адамдар мен ұйымдар;"

жиырма екінші абзацтағы "шартымен" деген сөз "және шарттарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде "осы Заңның деген сөзден кейін " Қазақстан Республикасының азаматтарына," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7-баптың 2-тармағының б) тармақшасындағы "міндетті." деген сөз алынып

тасталсын және мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін ұсынуға;

8) басқа жинақтаушы зейнетақы қорымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқаны жөнінде жұмыс берушіге хабарлауға міндетті.";

4) 8 - бапта :

1-тармақтың б) тармақшасы алынып тасталсын;

2 - тармақта :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жұмысқа қабылдаған кезде қызметкермен жеке еңбек шартын жасасуға, қызметкерді ұжымдық шартпен және жұмыс берушінің актілерімен таныстыруға;"

мынадай мазмұндағы 5-1), 12), 13), 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

5-1) қызметкерге жыл сайынғы еңбек демалысын беру;

12) жұмыс орындары мен технологиялық процестерде қатерлерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдауға, өндірістік және ғылыми-техникалық прогресс ескере отырып алдын алу жұмыстарын жүргізуге;

13) қызметкерден міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты көшірмесін талап етуге;

14) ұстап қалған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді қызметкерлерге ай сайын ұсынуға;

15) жұмыс уақытының, соның ішінде жұмыс уақытынан тыс істеген уақыттың, сондай-ақ әрбір қызметкердің зиянды (ерекше зиянды), қауіпті (ерекше қауіпті) және ауыр (ерекше ауыр) еңбек жағдайларында еңбек еткен жұмыс уақытының нақты есебін жүргізуге міндетті";

5) 9 - бапта

1-тармақтың 5) тармақшасында "ауыр қол жұмысы немесе зиянды немесе қауіпті жағдайлардағы жұмысы үшін" деген сөздер "зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) ауыр (ерекше ауыр), қауіпті (ерекше қауіпті) еңбек жағдайларында еңбек еткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жұмыс берушінің қызметкерден осы заңда және басқа заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда жеке еңбек шартында келісілмеген жұмысты атқаруын талап етуге құқығы жоқ.";

б) 10-бап мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Белгілі бір мерзімге арналған жеке еңбек шарты, егер заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, атқарылатын жұмыстың сипаты немесе оны орындаудың шарттары ескеріле отырып, еңбек қатынастары белгісіз бір мерзімге белгіленбейтін жағдайларда жасалады."

4. Егер жеке еңбек шартының мерзімі аяқталғаннан кейін еңбек қатынастары шын мәнінде одан әрі жалғасып, тараптардың ешқайсысы күнтізбелік 30 күн ішінде оны тоқтатуды талап етпесе, онда шарттың күші белгісіз мерзімге ұзартылған деп е с е п т е л е д і .

5. Қызметкер үшін көзделген өтемақылар мен кепілдіктерді беруден жалтару мақсатында, жеке еңбек шартын белгілі бір мерзімге жасасу фактісі анықталған болса, жұмыс беруші Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады. " ;

7) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар

Қызметкердің еңбек қызметін растаушы құжаттар: еңбек кітапшасы (ол болған жағдайда), жеке еңбек шарты не жұмысқа қабылдау мен жұмыстан босату туралы бұйрықтардың көшірмесі немесе ұйымның басшысы (жұмыс беруші) куәландырған (қол қойған) не нотариус арқылы куәландырылған қызмет тізімі (қызметкердің жұмыс, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) болып табылады.

Еңбек кітапшаларының нысанын, жүргізу және сақтау тәртібін, сондай-ақ оларды жасаудың тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді. " ;

8) 15-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сынақ мерзімін үш айдан асыруға болмайды. Еңбекке уақытша жарамсыз кезең мен қызметкер шын мәнінде жұмыста болмаған басқа да кезеңдер сынақ мерзіміне е с е п т е л м е й д і . " ;

9) 18-бап мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Жұмыс берушінің қызметкерді оның денсаулық жағдайына қайшы келетін басқа жұмысқа ауыстыруға құқығы жоқ. " ;

10) 20-баптың бірінші бөлімінде "өндірістік қажеттілік" деген сөзден кейін " сонымен қатар орнында уақытша жоқ қызметкерді ауыстыру" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

11) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Ұйым мүлкінің меншік иесі ауысқан, ұйым бағыныстылығы өзгерген, ол қайта ұйымдастырылған жағдайдағы еңбек қатынастары";

"Меншік иесінің ауысуы, ұйымның ведомстволық бағыныстылығының (уәкілетті органның) өзгеруі немесе ұйымның (заңды тұлғаның) қайта ұйымдастырылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы, қайта құрылуы) еңбек қатынастарының қолданылуын тоқтатпайды. Бұл жағдайларда жеке еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша тоқтату қызметкерлер саны немесе штаты қысқарған кезде ғана м ү м к і н болады. " ;

12) 25 - б а п :

мынадай мазмұндағы 4-1 тармақшамен толықтырылсын:

"4-1. Жеке еңбек шарты осы Заңның 26-бабының 8), 9), 10), 11), 12), 14)

тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бұзылған кезде қызметкерді шарттың бұзылатыны туралы ескерту талап етілмейді.";

1 3 ) 2 6 - б а п т а :

3) тармақшада "шартының" деген сөзден кейін "немесе сынақ мерзімінің" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада "жұмысқа" деген сөзден кейін "қатарынан" деген сөзбен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) қызметкер еңбек міндеттерін бір рет өрескел бұзған жағдайда бұзылуы мүмкін.

Қызметкердің еңбек міндеттерін бір рет өрескел бұзуына: бір жұмыс күні ішінде дәлелді себепсіз үш сағат бойы жұмыста болмауы; жұмысқа алкогольдік, нашақорлық, уытты (оларға ұқсас) заттарды пайдаланып, масаң күйде келуі; жұмыс күні ішінде алкогольдік, нашақорлық, уытты (оларға ұқсас) улану жағдай туғызатын заттарды пайдалану; қызметкердің еңбек қорғау немесе өрт қауіпсіздігі не көліктегі жүру қауіпсіздігі ережелерін бұзып, оның жарақат алу мен аварияларды қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соғу мүмкіндігі; жұмыс орнында заңды күшіне енгізілген сот үкімімен немесе қаулысымен анықталған мүлік (оның ішінде ұсақ заттарды) ұрлауы жатады;" ;

11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"11) тәрбиешілік міндетті атқарушы қызметкер аталған жұмысты жалғастырумен сыйымсыз жат қылық жасаған;" ;

12) еңбек міндеттерін атқаруымен байланысты қызметкерге белгілі болған мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды жария еткен;" ;

1 4 ) 2 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) Осы Заңының 26-бабының 1), 5), 8), 9), 10), 11), 12), 14) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің бастамасымен жүкті әйелдермен, бір жарым жасқа дейінгі баласы бар әйелдермен (растайтын құжаты болғанда) жеке еңбек шартын бұзуға жол берілмейді;

1-2) Осы Заңның 26-бабының 1) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда қызметкер еңбекке уақытша жарамсыз және жыл сайынғы еңбек демалысында болған кезде жұмыс берушінің бастамасымен жеке еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.";

15) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Жеке еңбек шартының қызметкердің бастамасы бойынша бұзылуы

1. Қызметкер жеке еңбек шартын бұл туралы жұмыс берушіге шарт бұзылғанға дейін кемінде бір ай бұрын жазбаша түрде ескертіп бұзуға құқылы.

Ескерту мерзімі біткен соң қызметкер жұмысын тоқтатуға құқылы. Соңғы жұмыс күні жұмыс беруші қызметкерге еңбек кітапшасын, қызметкердің талап етуі бойынша

жұмысы туралы басқа да құжаттарды беруге және заңдар мен ұжымдық шартта көзделген кепілдікті және өтем төлемдерін жүргізуге міндетті.";

2. Тараптардың келісімі бойынша жеке еңбек шарты ескерту мерзімі біткенге дейін б ұ з ы л у ы м ү м к і н . " ;

1 6 ) 3 1 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

1) жұмысқа алкогольдік, нашақорлық, уытты (соларға ұқсас) масаң жағдайда келген немесе жұмыс күні ішінде осындай масаң жағдайға апаратын заттарды пайдалану; мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жұмыс процесінде еңбекті қорғау, немесе өрт қауіпсіздігін, немесе көліктегі қозғалыс қауіпсіздігінің ережелерін бұзуға әкеп соқтырған, апатты жағдай затын немесе басқа ауыр зардаптар туғызуы мүмкін әрекеттер жасаған";

4-тармақта "анықталғанға" деген сөздің орнына "жойылғанға" деген сөз жазылсын;

1 7 ) 3 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бір немесе бірнеше жұмыс беруші (олардың өкілдері) және бір немесе бірнеше қызметкер (қызметкерлердің өкілдері) ұжымдық шарттар жасасу мақсатымен келіссөздер жүргізе алады."

Ұжымдық шарт жасасу жөнінде келіссөздерді бастау туралы екінші тараптан ұсыныс хабар алған тарап он күндік мерзім ішінде оны қарауға және келіссөзді б а с т а у ғ а м і н д е т т і . " ;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

1 8 ) 3 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2, 1-3-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Ұжымдық келіссөз тараптары ұжымдық келіссөздер жүргізу үшін қажетті, өздерінде бар ақпаратты бір-біріне ұсынуға тиіс.

1-2. Келіссөзге қатысушылардың алынған мәліметтерді, егер бұл мәліметтер мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялар болып табылса, жария етуге құқығы жоқ.

1-3. Егер ұжымдық келіссөз барысында тараптар қаралып отырған кейбір мәселелер бойынша келісімге келе алмаса, реттелмеген мәселелер келіспеушілік хаттамасына енгізіледі және олар бұдан арғы келіссөздердің нысанасы болуы мүмкін.";

2-тармақ "өкілдері" деген сөзден кейін "10 күнтізбелік күн ішінде" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

19) 35-бап мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ұжымдық шарттың күші өз атынан ұжымдық шартқа қол қойған қызметкерлерге қ о л д а н ы л а д ы " ;

20) 49-баптың 3-тармағы: "қызметкерлер" деген сөзден кейін "мен жүкті әйелдер..."

Мүгедектер, жеті жасқа толмаған баласы, (16-жасқа толмаған мүгедек баласы) бар әйелдер мерзімнен тыс жұмыстарға олардың жазбаша келісімімен тартылады." деген сөздермен толықтырылсын;

21) 50-баптың бірінші бөлімі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:  
"Бұл ретте жұмыс уақытынан тыс жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына 12 және жылына 120 сағаттан аспауы тиіс.";

22) 54-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:  
"Бір жарым жасқа толмаған баласы бар жұмыс істейтін әйелдерге демалыс пен тамақтану үшін берілетін үзілістен басқа, баланы тамақтандыру үшін, әрбір үш сағат сайын ұзақтығы отыз минуттан кем болмайтын қосымша үзіліс беріледі.

Бір жарым жасқа толмаған екі немесе одан да көп баласы болғанда үзілістің ұзақтығы кемінде бір сағат болып белгіленеді. Баланы тамақтандыру үшін берілетін үзіліс жұмыс уақытына қосылады және ақы төлеуге жатады.";

23) 60-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:  
"Жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысындағы қызметкер осы демалыстан шақырылып алынбайды";

24) 61-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) қызметкер шын мәнінде жұмыс істемеген, бірақ белгіленген тәртіппен жұмыс орны (лауазымы) мен жалақысы толық немесе ішінара сақталған уақыт қосылады";

3-тармақ алынып тасталсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

25) 69-бапта "берілуі мүмкін" деген сөз "беріледі" деген сөзбен ауыстырылсын;

26) 70-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігін жұмыс беруші жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, басшылар, мамандар мен қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы негізінде белгілейді. Аталған анықтамалықтарды әзірлеу мен оларды қолданудың тәртібін еңбек жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган белгілейді. Орындалған жұмыстарды белгілі бір күрделі жұмысқа жатқызуды және қызметкерлерге біліктілік разрядтарын беруді жұмыс беруші жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және басшылар, мамандар мен қызметшілер лауазымдарының анықтамалығына, сондай-ақ қызметкерлердің жекелеген санаттары белгіленетін үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес дербес жүргізеді.";

27) 75-бап 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Еңбектің үлгілік (бірыңғай) нормаларын ауыстыруды және қайта қарауды еңбек жөніндегі уәкілетті органның келісімімен оларды бекіткен органдар жүзеге асырады";

28) 76-баптың 1-тармағында:

1-тармақ "бір рет" деген сөздерден кейін ", келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірілмей" деген сөздермен толықтырылсын;  
29) 81 - б а п т а :

баптың атауы "қызметкерлерге" деген сөзден кейін "және донорларға" деген сөздермен толықтырылсын;

"қызметкердің" деген сөзден кейін ", сондай-ақ донордың тексерілетін және қан құю үшін қан тапсыратын күндердегі" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 82-бап "сақталады" деген сөзден кейін ", сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша басқа да шығындары өтеледі." деген сөздермен толықтырылсын;

31) 88-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

32) 92-баптың 2-тармағындағы "шарттарда" деген сөзден кейін "немесе жұмыс берушінің актілерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

33) 96-баптың 1-тармағындағы бірінші сөйлемнің басында "94-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 103-баптың 1) тармақшасында:

1) "Жұмыс беруші мен қызметкердің осы заңды және еңбек қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауын тексерулер арқылы бақылауды жүзеге асыру."

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*